

Жылжыған жылдар жаңғырығы

Уақыт – ешкім тоқтата алмайтын алып кеме. Сол кемеңіздің жүрісімен адам баласы өмір толқындарымен араласа, арпалыса ғұмыр кешетіндігі ақиқат. Иә, өмірдің шуағы мен дауылы, қайғысы мен сауығы, жеңілі мен ауыры қатар жүретіндіктен тіршілік тауқыметімен күресіп, оны жеңе білгендер де, жеңіліп жетегінде кеткендер де бар. Профессор, экономика ғылымдарының кандидаты Бегендік Сауытұлы Өтебаев солардың алғашқысына қосылады. Ол – өмірде кездесетін сан қилы ауырлықтар мен қиындықтарды ақылмен, сабырмен жеңе білген жан.

Бегендік «Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей, кербез Көкшетау өңіріндегі жер жәннаты – Бурабайдың іргесіндегі Қымызынай ауылында дүниеге келді. Әкесі Сауыт «Щорсовский» кеңшарында директордың орынбасары болып қызмет істеді. Отбасында бес ұл бала өсіп, ержетті. Шешесі Гүлшат қырықтан асқан шағында дүние салып, өмірден ерте кетті. Үйелмел-сүйелмелі шиттей балалар марқұм әкесі Сауыттың тәрбиесінде қалды. Анасынан жастай айырылса да, бәрі апталдай азамат болып ержетті. Бегендік 1975 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтына түсіп, оны 1980 жылы бітіріп, «Ауыл шаруашылығы өндірісінің ұйымдастырушысы-экономист» мамандығын алып шықты.

Жасынан алғыр, білімге бейім Бегендік Өтебаев өзі оқыған институт аспирантурасының күндізгі бөліміне оқуға түсіп, 1984 жылы профессор Ш.И.Иманғожиннің жетекшілігімен экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын абыроймен қорғап шықты.

Еңбек жолын кіші ғылыми қызметкерден бастаған ол аспирант, ассистент, доцент, есеп және статистика кафедрасының меңгерушісі және отыз жасында экономика факультетінің деканы қызметтерін мінсіз атқара білді. – Мен өмірімнің 41 жылын өзім білім алған Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде студенттерге ұстаздық етіп, оларға тәлім-тәрбие беріп өттім, – дейді Бегендік Өтебаев. – Ұстаз қашанда әр студенттің жанына білім дәнін сеуіп, мамандыққа баулып, өз шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсам, жастарды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Иә, Бегендік дұрыс айтады. Әрбір мұғалім жоғарғы білім ошағы үшін рухани байлықтың бірі де бірегейі емес пе?! Өйткені ондай адамдар жан-жағына жақсылық нұрын шашып, көптің ұйытқысы, тілекшісі болады. Профессор Бегендік Өтебаевтың кісілігі мен кішілігі, ақкөңілдігі мен елгезектігі, жаны мен тәнінің үндестігі, білімі мен парасатының байлығы, адалдығы мен әділдігі, жүрген жүрісі мен тұрған тұрысы өзіне де, айналасындағыларға да әрдайым нұр шашып тұрады. Қандай ортада болсын ол өзінің көркемдігімен ғана емес, ойының биіктігімен де оқшау көрінеді.

Оның мұндай құрметке ие болуы – адалдығы мен әділдігінің, инабаттылығының арқасы. Өйткені ол қашан болсын өзін көпшіліктен жоғары қойған емес. Қазақстан тәуелсіздік алып, қазақ тілі туралы заң шығып, қазақша білім беру кезеңі басталған кезде көптеген жоғары оқу орындарында оқытушылар арасында текетірес болғандығы жасырын емес. Ана тілінде оқулықтар керектігі өз алдына, ал қазақ тілінде студенттерге дәріс беру үлкен жауапкершілікті талап етті. Бегендік Өтебаев бұл талаптан мүдірмей өтіп, қазақша студенттер оқулығын әзірлеуге белсене араласты. Оның 160-тан астам ғылыми еңбектері мен 4 монографиялық туындылары және 12 оқу құралдары, 24 оқу-методикалық анықтамалығы жарық көрді. Бегендік Өтебаевтың жетекшілігімен бірнеше жас ғалымдар кандидаттық диссертация қорғап, бүгінде еліміздің халық шаруашылығының әр саласында жемісті еңбек етуде. 1995 жылы ғылыми тәжірибе алмасу негізінде Германияда болып қайтты. 2005-2014 жылдары экономика саласының білгір ғалымы ретінде мемлекеттік бюджеттің ғылыми жобаларын жасасуға атсалысты. Бұл деген – үлкен жауапкершілік.

Бегендік – ғылым саласынан өз орнын ойып тұрып алған азаматтың бірі. Ол жан-жағына жалтақтамайтын турашыл мінезімен де ерекше. Өйткені ол өз ісіне, ақыл-ойына, адамдармен болатын қарым-қатынасқа сенімді. Ойы озық, көріп түйгені мол. Сондықтан да мұндай азаматтар қашанда өз ортасына қадірлі де сүйкімді. Ол өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында көптеген мемлекеттік наградалар мен мақтау грамоталарына ие болды. Әріптестері мен достары Өтебаевтар әулетін «ғалымдар жанұясы» деп мақтан тұтады. Ол да шындық. Бегендік Сауытұлының жұбайы Раушан Жүнісова мен қызы Гүлжан Өтебаева – экономика ғылымдарының кандидаты, Сәкен Сейфуллин атындағы университетінде жемісті жұмыс істеп жатқан жандар.

– Жақсы күндерім көп болды деп айтар едім. Бірақ бәрі адамның өз қолында емес қой. Барлық нәрсені өлшеп, тура осылай болады десек, өмір қызық та болмас еді. Өмір өзінің қателігімен, өзінің кемшілігімен, күтпеген сәттерімен қызық. Елдің еңбегімді бағалағанына шүкірлік етем. Киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортамның демеуі, тіршіліктің тоқсан тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі мені жетпіс жасқа да алып келді, – дейді ағынан жарыла сөйлеген Бегендік Өтебаев.

Иә, адамның адамгершілігі – оның кісілігінде. Оның негізгі белгілерінің бірі адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу болса, мұндай қасиеттің бәрі елімізге танымал профессор Бегендік Сауытұлының бойынан табылады.

Жылжыған жылдар жаңғырығының жасампаздығын жанына түйген ақылды, білімді адам ғана өзгенің жақсылығын бағалағыш келеді. Сондықтан білімді де арлы адам – қашанда халқының ардақтысы.

...Бегендік Өтебаев құт қонған қасиетті Бурабайдың орманды алқабы мен тауларына көз тігіп тұр. Төменде балалық балғын шағы өткен Қымызынай ауылы менмұндалайды. Биік шыңға өскен қалың қарағайды ешкім қия алмайды, оған тек тауға қонып, тасқа өрмелеп басына көк қаршыға ғана

ұялайды. Бұл – оның ата-бабаларының кіндік қаны тамған, елім деп еңіреп өткен рухы биік ұлылар басқан қасиетті жері, киелі мекені, туған жері.